

Ақтөбе облысының әділет департаментінде 2017 жылғы 20 маусымда мемлекеттік тіркеу тізіліміне №5545 болып енгізілген

Ақтөбе қаласы

№133

2017 жылғы 30 мамыр

Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №235 «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Су Кодексі» Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Кодексінің 487-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының 1-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 сәуірдегі №223 «Жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы», Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5675 тіркелген бұйрығына сәйкес, Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы №235 «Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3306 тіркелген, 2010 жылғы 19 қаңтарда «Ақтөбе» және «Актюбинский вестник» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша «ставкалары», «ставкаларын» сөздері «мөлшерлемелері», «мөлшерлемелерін» сөздерімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

Көрсетілген шешіммен бекітілген, жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерінің мөлшері, қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Сессия төрағасы,
облыстық мәслихаттың
хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА

2017 жылғы 30 мамырдағы №133
облыстық мәслихаттың шешіміне
қосымша

2009 жылғы 21 желтоқсандағы №235
облыстық мәслихаттың шешіміне
қосымша

**Жер үсті көздеріндегі су ресурстарын
пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерінің
МӨЛШЕРІ**

Жайық, Ойыл, Сағыз, Ембі өзендерінің бассейндері

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	122,4
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	355,2
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	98,5
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	96,4
5.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	12,0

Торғай, Ырғыз өзендерінің бассейндері

№ р/с	Арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері
1.	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	теңге/1000 тек.м	106,1
2.	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	теңге/1000 тек.м	299,0
3.	Ауыл шаруашылығы	теңге/1000 тек.м	82,3
4.	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	теңге/1000 тек.м	82,3
5.	Су энергетика	теңге/1000 кВт.сағ	-
6.	Су көлігі	теңге/1000 тек.м	-

Ескертпе: Төлемақы мөлшерлемелері сәйкес жылдық инфляцияның ресми деңгейіндегі индексін ескере отырып есептеледі.